

ҚР Экономикалық және
Әлеуметтік
Географиясы.

Халқы және Еңбек
ресурстары


9 сынып I бөлім

1. ҚР Экономикалық және Әлеуметтік Географиясы

- Экономика ұғымы түсінігі.
- Экономика - гректің шаруашылықты басқару ұғымынан шыққан.
- Әлеуметтік - латынның қоғамдық деген сөзінен шыққан.
- **Әлеуметтік экономикалық - география** адамзат қоғамы мен қоғамдық өндірістің оргаласуын және Жердің географиялық қабығының құрамдас бөлігі ретінде өзара байланысын зерттейтін география ғылымының бір саласы.
- **«Экономикалық география»** терминін 1760 жылы М.В. Ломоносов енгізді.

Қазақстанның экономикалық даму кезеңдері

Қазақстанның экономикалық даму кезеңдері



Қазақстан экономикасы ның жағдайы

Қазақстан экономикасының болашағы

1-кесте

Шаруашылық саласы	Алдағы мерзімде салынып, іске қосылатын өндірістер. Кей салалардың өнім көлемі
1	2
Мұнай өнеркәсібі	Мұнай өндірудің көлемі 2013 жылы 82 млн т, 2017 жылы 102 млн т болады деп жоспарлануда. 2013 жылы маусым айынан бастап Каспий қайраңының Қашаған кен орнынан мұнай өндірілу басталады. Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында жылына 5 млрд м ³ газ шығаратын газ өңдеу зауыты салынады
Электр энергетикасы	Осы кезеңде электр энергиясын өндіру көлемі 106,7 млрд кВт/сағ-қа жетіп, Балқаш жылу электрстансысының құрылысы жүргізілуде. Ақтау қаласында жаңа атом электрстансысының құрылысы басталады. Желдің күшін пайдаланатын электрстансылардың құрылысы бойынша жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Мұндай стансыларды Астана қаласында, Ақмола облысында, Жетісуда (Жоңғар қақпасы) және Алматы облысының Шелек ауданында салу жоспарланған. Астана қаласында күн энергиясын пайдаланатын стансы салу іске асырылады
Түсті металлургия	Ақтоғай және Бозшакөл кен байыту, Шалқия қорғасын-мырыш байыту фабрикалары, Астана аффинаждау зауыты, Өскемен титан құйындысын шығаратын “Посук Титаниум” зауыты салынуда
Қара металлургия	“Арселор Миттал Теміртау” комбинатында (Қарметкомбинат) болат өндіру мөлшері қазіргі 5 млн т-дан келешекте 6 млн т-ға жетеді
Химия өнеркәсібі	2015 жылға қарай дәрі-дәрмектерді тұтынудағы отандық өндірістің үлесін 50% -ға жеткізу қарастырылады. Атырау қаласы маңында мұнай химиясы және газ химиясы кешендерінің құрылысы іске қосылады
Көлік саласы	Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстары аумақтарында салынып жатқан Батыс Еуропа — Батыс Қытай Халықаралық автомобиль магистралі іске қосылады. Бейнеу — Бозой — Шымкент газқұбыры құрылысы жүруде. Қазақстанның солтүстік аймақтарын және Астана қаласын газбен қамтамасыз ететін “Қарталы—Тобыл—Көкшетау—Астана” газқұбырының құрылысы жүргізіледі. Жезқазған — Бейнеу, Арқалық — Шұбаркөл теміржолдарының құрылысы жүре бастады. Уақытты үнемдеп, қашықтықты қысқарту мақсатында испандық “Тальго” пойызына арналған Балқаш көлінің еңсіз бөлігінде Алматы—Астана қалаларын байланыстыратын теміржол салынады

1	2
Агроөнеркәсіп кешені	Астана қаласы халқын ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуде арнайы құрылған қала маңында маманданған шаруашылықтар жұмыстарын одан әрі жақсартта түседі. Қазақстанның астық және ұн экспортының көлемі қазіргі 10 млн т-дан 13 млн т-ға жеткізіледі
Қазақстанның халқы	“Аймақтарды дамыту” бағдарламасы шеңберінде Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент қалаларында қала агломерациясын дамыту бойынша шаралар жүзеге асады. Бұл қалалар экономикалық өсудің орталықтары болуға тиісті. 2012—2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту бағдарламасы негізінде халық саны 1,53 млн-ды (елдің қала халқының 16% -ы) құрайтын 27 моноқаланы дамытуды жүзеге асыру жоспарланып отыр
Экономикалық аудандар	“Аймақтарды дамыту” бағдарламасы негізінде Астана қаласы және оның маңындағы қалаларды дамытуда “2030 жылға дейінгі Астана қаласын тұрақты дамытудың стратегиялық жоспары” жүзеге асады. Астана қаласында өтетін “ЭКСПО — 2017” халықаралық көрмесі шегінде жаңа құрылыстар жүреді

Қазақстанның әлем картасындағы орны, Географиялық жағдайы

- Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан.
- **Жер көлемі** 2724.9мың км², жалпы аумағы бүкіл құрлықтың 2% ын, Азиянын 6.1% -ын, ТМД -ның 12%-ын құрайды.
- **Аумағы жөнінен** Ресей, Канада, Қытай, АҚШ,Бразилия, Аустралия,Үндістан, Аргентинадан кейінгі **9 орынды алып**, Еуразияда **4 орын**, ТМД **2 орын**, көлемі бойынша Еуропалық Одақтың 12 елінің аумағынан асып түседі.
- **Республиканың шекарасы батысында** Каспий маңы мен Тұран ойпаты, шығысында Алтай таулары, солт. Батыс Сібір жазығы,оңтүстігінде Тянь шань тау жоталары арқылы шектеседі.

- **Республиканың жалпы шекарасы** 13394км ұзындығы ; батыс, солт.батыс және солтүстігіндегі ең ұзын шекара Ресей Федерациясымен (7591км), оңтүстігінде Орталық Азия республикалары: Түрікменстан (425 км), Өзбексанмен (2354 км), Қырғызстанмен (12451 км), оңт.шығ Қытаймен (1782 км) шектеседі. Каспий теңізі арқ. Өтетін шекара ұзындығы 600 км,
- **Каспий теңізі арқылы 5 мемлекетпен шектеседі:** Ресей,Қазақстан, Иран, Түрікменстаан, Әзірбайжан.
- **Мемлекеттік құрылымы:**
 - Конституциясы 1995ж 30 тамызда қабылданды.
 - Қр демократиялы ,зайырлы,құқықтық және әлеуметтік , президенттік басқару формасындағы унитарлы мемлекет.
 - Заң шығарушы билікті Сенат және Мәжіліс деп аталатын екі палатадан тұратын Парламент жүзеге асырады.Парламент 4 жыл сайланады.Ол заң қабылдады, Республика бюджетін бекітеді.
 - Қазақстан 120 дан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым қатынаста.
 - 1992 ж БҰҰ және жетекші салалық ұйымдарының (ЮНЕСКО,ФАО,БДҰ) мүше болды.

Қазақстан жерінің экономикалық тиімді артықшылықтары:

1. Экономикалық дамыған елдермен (Ресей, Қытай) және суармалы егіншілікті (Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан) елдерімен шектесуі
2. Траншекаралық және транзиттік жол торабында орналасуы, Еуропа мен Азияны жалғастырушы көпір.
3. Аумағының көп бөлігі жазық
4. Минералды ресурстарға өте бай

Қазақстан әуе кеңістігінде 72 халықаралық әуежолы түйіседі,
Еліміздегі 51 әуежайдың 13-і халықаралық ұшақтарға қызмет етеді.

Белгілі ғалым Н.Н.Баранский Қазақсанды 5 экономикалық
ауданға бөлген және экономикалық- географиялық жағдайдың:

1. Орталық
2. Шеткерлік
3. Көршілестік
4. Теңіз жағалауы

Дейтін 4 түрін бөліп көрсеткен.

Қазақстандағы халықаралық маңызды темір жол магистральдары:

1. Шығыс - Батыс (*Қытай - Қазақстан - Ресей - Еуропа*)
2. Солтүстік Оңтүстік (*Ресей (Санкт Петербург) - Қазақстан (Ақтау порты) - (Иран Парсы шығанағы) - Үндістан*)
3. Еуропа - Кавказ - Азия (*Еуропа - Әзірбайжан (Баку) - Қазақстан (Ақтау порты) - Достық (Қытай)*)
4. Батыс Еуропа - Батыс Қытай (*Ұлы Жібек жолын жаңғырту мақсатындағы темір жол, 2013ж*)



Қазақстан мүше ұйымдар:

- Қазақстан —
- Еуропалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі,
- Халықаралық Валюта қоры,
- МАГАТЭ,
- Қызыл крест,
- Халықаралық және Еуропа қайта құру банкінің,
- Азия даму банкінің,
- Ислам конференциясының,
- ТМД (1991ж 21 желтоқсанда құрылды)
- Еуропа экономикалық,
- Шанхай ынтымақтастық ұйымдарына мүше.

Кедендік Одақ ұйымы

Құрамында
Қазақстан Беларусь,
Ресей бар 2010ж 1
қаңтарда құрылған
сауда тауар
айналымын одан әрі
жүргізуге арналған
ұйым, үш ел
арасындағы.

Табиғи ресурстары – бұл шаруашылықтың дамуына қажетті табиғи қор, шаруашылықты дамытуда тікелей қолданылады.

Табиғат ресурстарын тиімді пайдалануына қарай топтастыру



ҚР ресурстары:

1. Минералды ресурстар: елімізде бір ерекшесі минералды ресурстар жерге және бір біріне жақын орналасқан. Минералды ресурстар қоры жөнінен әлемде Ресей, Қытай, Аустралия, АҚШ, Бразилиядан кейін 6 орында орналасқан. Жер қойнауындағы 110 элементтин 99-ы ашылып, оның 60 қа жуығы өндіріске тартылған.

- Еліміз ДЖ-де: *вольфрам қорынан 1 орын*
- *хромит, уран, фосфордан 2 орын*
- *марганецтен 3 орын*
- *қорғасын молибденнен 4 орын*
- *Темірден 8 орында.*

2. Жер ресурсы

- ҚР Жер ресурсы 270.1 млн га құрайды. Мұндағы жер көлемінің 82% жуығы ауыл шаруашылығына жарамды.
- Жайылым мен шабындыққа 190 млн га
- Жыртылған жер көлемі 36 млн га.
- Республиканың әрбір тұрғынына 15 га жерден келеді, соның ішінде 2 га жыртылған жерлер.
- Салыстырмалы түрде алсақ, Ресейде бұл көрсеткіш 0.87 га Канадада 1.7 АҚШ-та 0.54га, Жапонияда 0.03 га тең.

3. Су ресурстары

- Қр су ресурсына бай емес, сирек таралған.
- Елімізде ішкі су ресурсы 115.3 млрд м3, оның ішінде: 60.4млрд м3 республика ішінде, ал 54.9 млрд м3 су қоры көршілес аумақтардан келеді.

Қазақстанда жалпы 85 мыңға жуық өзен, 48 мыңнан астам көл бар. Көлдердің жалпы ауданы - 45 мың км², оның 94%-ың ауданы 1 км² аспайды : Балқаш, Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Теңіз, Сілетітеңіз, Сасықкөл, Құсмұрын, Марқакөл, т.б көлдер.

4. Биологиялық ресурстар:

- Елімізде өсімдіктердің 5700 түрі кездеседі, оның тек 14% Қазақстанға тән. Оның 279 түрі Қызыл кітапқа енген.
- Орманға өте тапшы, бар болғаны 13 млн га. Барлық аумақтың 4% ғана құрайды. Қазақстан орманының басым бөлігі сексеуіл ағашы. Ол шөлді аймақтарда өседі.
- Жануарлар дүниесінде сүтқоректілердің шамамен 155 түрі, құстардың 480 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 49 түрі, балықтың 150 түрі бар. Биологиялық ресурстың ішіндегі негізгіс – балық ресурсы.
- Каспий теңізінен аса бағалы қызылбалықтың 90% ауланады.
- Биологиялық ресурстарды қорғайтын 10 қорық бар.




Қазақстанның пайдалы қазбалар картасы

2. Халқы және еңбек ресурстары

- ҚР халық саны 2009 ж 1 қаңтарда 16196800 адамды құрады. Халық саны бойынша еліміз ТМД да Ресей, Украина, Өзбекстаннан кейінгі 4 орында, ДЖ 62 орында.
- Халық саны Астан, Алматы, Оң. Қазақстан, Алматы облыстарында *артып*, ал керісінше Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында *кеміген*.
- Демография – (грекше демос халық, графо жазамын, сипаттаймын) халық саны, құрылымы, динамикасы туралы ғылым.
- **Халықтың ұдайы өсуі** – ұрпақтың үздіксіз ауысып отыру процесі. Мұнда ең алдымен туғандар саны және қайтыс болғандар саны пайдаланылмай, олардың арасындағы айырмашылық табиғи өсім деп аталады.
- Туу, өлу, табиғи өсім көрсеткіштері **промиллемен** (‰) өлшенеді.
- Халықтың саны өзгерісіне әсер ететін факторлар- табиғи өсім және көші қон.

- **Туу** - 1000 адамға шаққандағы 1 жыл ішінде туған бала саны.
- **Өлім - жітім** - демографиялық көрсеткіш: 1000 адамға шаққандағы 1 жыл ішінде қайтыс болған адамдар саны.
- **Табиғи өсім** - 1000 адамға шаққандағы туған және қайтыс болған адамдар санының арақатынасы.
- **Механикалық қозғалыс** - халық саны табиғи өсіммен бірге басқа елден көшіп келушілер есебінен өсуі.


Халық санының өзгерісі, млн адам



Халықтың табиғи қозғалысы

Жылдар	Адам			1000 адамға		
	туылғандар	қайтыс болғандар	табиғи өсім	туылғандар	қайтыс болғандар	табиғи өсім
1991	353174	134324	218850	21,5	8,2	13,3
1995	276125	168656	107469	17,5	10,7	6,8
2000	222054	149778	72246	14,9	10,1	4,8
2005	278977	157121	121856	18,4	10,4	8,1
2006	301756	157210	144546	19,7	10,3	9,4
2007	321963	158297	163666	20,8	10,2	10,6
2008	357576	153341	204235	22,9	9,9	13,0
2009	357500	142800	214700	22,2	8,9	13,3
2010	367700	145800	221900	22,5	8,9	13,6
2011	372500	144200	228300	22,5	8,7	13,8
2012	323837	119929	203908	23,1	8,6	14,6

Халық саны өзгерісіне әсер ететін факторлар



- Халық саны өсімінің 67.8% Оңт.Қазақстанға, Батыс Қазақстан және Астана, Алматы қалалары құрайды.
- Ал,СҚ,Орт. Қ, ШҚ халық саны кемуде.

• Халық санының жастық жыныстық құрамы

- Қазақстанда 48.2% ерлер ал 51.8% әйелдер құрап, 1000 ер адамға 1074 әйелден келеді.

Қазақстанда халықты 3 жастық топқа бөлуге болады:

1. Еңбекке қабілеттіліктен жастау

2. Еңбекке қабілетті жас
(ерлер 16-63жас. Айелдер
16-58 жас)

3. Еңбекке қабілеттіліктен жоғары жас

Қазақстанда халықтың орташа жасы *69 жас.*

Ерлерде орташа жас – 64жас.


Айелдерде орташа жас- 73 жас.

Халықты жынысы және жасы бойынша бөлу

2012 жылғы 1 қаңтар, мың адам

Халықтың жасы	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Барлық халық	16 675,4	8 042,8	8 632,6
олардың жасы:			
1 жасқа дейінгілер	367,8	189,1	178,7
1—4	1 366,5	702,2	664,3
5—9	1 305,8	670,5	635,3
10—14	1 115,1	570,4	544,7
15—19	1 363,8	695,4	668,4
20—24	1 635,6	811,5	824,1
25—29	1 481,7	736,0	745,7
30—34	1 267,9	627,6	640,3
35—39	1 174,1	571,1	603,0
40—44	1 083,4	524,6	558,8
45—49	1 073,9	510,0	563,9
50—54	1 009,1	468,8	540,3
55—59	754,2	334,6	419,6
60—64	581,9	244,4	337,5
65 және одан жоғары	1 094,6	386,6	708,0


Қазақстан халқының жыныстық-жастық пирамидасы,
2012 ж. 1 қаңтары, мың адам



Еңбек ресурсы


- Елімізде 16 дан 63 жасқа дейін ерлер, 16 мен 58 жас арасында әйелдер еңбекке жарамды еңбек ресурсына жатады.
- Қазақстанның 9 млн астамы, яғни 59.2% еңбек ресурсы болып есептелінеді.
- Еңбекке неғұрлым қабілетті жас 25 пен 49 жас аралығы.

Еңбек ресурсының құрамы



59.2% -ы еңбек

Қазақстан Республикасындағы халықтың жұмыс істеу құрылымы



Жұмыссыздық деңгейі

- 2009 жылғы санақ бойынша жалпы халық жұмыссыздығының ауыл халқына 42.4% тиесілі.
- *Облыстар бойынша* Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында жиі.
- *Жасы бойынша* жұмыссыз халықтың айтарлықтай үлесі, яғни 74/2%-ы 25-54 жас аралығындағы топқа тиесілі.

**Қазақстан Республикасындағы білім деңгейі бойынша
жұмыссыз халықтың бөлінуі**

Көрсеткіштер	2008 ж.		2009 ж.		2010 ж.	
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%
Барлық жұмыссыздар, оның ішінде білімі барлар:	557,8	100	554,5	100	496,6	100
а) жоғары	123,8	22,2	129,9	23,4	118,5	23,9
ә) арнайы орта	187,2	32,7	182,3	32,8	160,7	32,4
б) жалпы орта	246,9	44,3	237,5	42,9	209,1	42,2
в) жалпы бастауыш	4,9	0,8	5,0	0,9	8,3	1,5

Халықтың ұлттық және діни құрамы

- Қазақстанның ұлттық құрамы:
- біз көпұлтты мемлекетпіз. 130 астам ұлттар тұрады.
- Мемлекетте халықтың кұртазайып кетуін *Депопуляция* деп атайды.
- Елден көшіп кеткен халықтың қайта оралуын *репатриация* деп атайды: мысалы: Оралмандар.
- Қазақтар Республиканың оңтүстігі мен батысы : Қызылорда 95%, Атырау 89%, Маңғыстауда 79%, Оң. Қазақстанда 68% еліміздегі негізгі халықты құрап отыр.

Қазақстанда негізінен таралған ұлттар: қазақ, орыс, өзбек, украин, неміс, ұйғыр, татар.

- Мемлекетімізде **саны жағынан көп диаспора орыстар 22%**.
- Диаспора дегеніміз саны жағынан аз ұлт өкілдерінің өз елінен тысқары жатуы.
- **Қазақ диаспорасы саны ДЖ 15.5 млн құрап отыр.**

2012 жылғы Қазақстан халқының ұлттық құрамы

Р/с	Ұлттар	Саны, млн адам	Р/с	Ұлттар	Саны, млн адам
1	қазақтар	11,0	9	белорустар	0,06
2	орыстар	3,7	10	украиндер	0,3
3	түріктер	0,1	11	әзірбайжандар	0,09
4	татарлар	0,2	12	өзбектер	0,5
5	поляктар	0,03	13	күрдтер	0,04
6	ұйғырлар	0,2	14	кәрістер	0,1
7	немістер	0,2	15	дүнгендер	0,05
8	шешендер	0,03	16	тәжіктер	0,04

Халықтың діни құрамы

- ҚР халқының 70.2% мұсылмандар, 26.2% православтық христиандар.
- Бұлардан басқа иудаизм, буддизм уағыздайтындар да бар.
- Ал атеисттер 2.5-3 % алып жатыр.
- Ислам Қазақстанға VIII ғасырда келген.

Қазақстанда таралған діндер

Басым діндер	Оған жататын халықтар	Басқа діндер	Оған жататын халықтар
1. Ислам	түркітөктес және Кавказ халықтары, төжіктер	3. Католицизм	поляктар, немістер, т.б.
2. Православие	орыстар, украиндер, белорустар	4. Буддизм 5. Иудаизм	буряттар, қалмақтар еврейлер

Елді- мекендер

•Қалалық

Қала және қала типтес елді мекендер жатады.

Қалалар әкімшілік аумақтық басқару жүйесін құрайды.

Қала типтес кенттерде бірен- саран кәсіпорындар орналасады

Қазақстанда 87 Қала, 200 дей шамасында қала типтес елді мекен бар.

Ауылдық

Тұрғындары басым түрде ауыл шаруашылығында жұмыс жасайды.

Қазақстанда 6047 ауылдық елді мекен бар.

Кенттену (урбандалу) - бүкіл ел халқы санындағы қала халқы үлесінің артуы және қалалық өмір салтының кеңінен таралуы.

Алматы қаласы еліміздің миллионер қаласы.

Тұрғындар саны бойынша қалалардың жіктелуі

Қалалардың жіктелуі	Қалалар халқының саны
Шағын қала	20 мыңға дейін
Орташа қала	50 мыңға дейін
Үлкен қала	100 мыңға дейін
Ірі қала	250 мыңға дейін
Өте ірі қала	500 мың не одан астам

- **Қала халқы көп шоғырланған облыстар:** Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Ақтөбе.
- **Қалалар мен қала типтес елді мекендер** ірі темір жол бойында, пайдалы қазбалар өндіретін кен орындары маңында қалыптасады: Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Хромтау, Ақсу, Жаңаөзен, Ақтау, Атырау мысал болады.
- **Агломерация** - кейбір өнеркәсіпті ірі қалалардың маңында өндірістік, көліктік, мәдени тұрмыстық байланыстары бар көптеген шағын және орта қалалардың жинақталуы: **Мысалы** Қарағанды мен Теміртаудың айналасында топтасқан Саран, Абай, Шахты, Топар, Долинкасияқты елді мекендер кіреді. Қазақстандағы тағы агломерациялар : Алматы, Астана, Шымкент қалалары маңында орын алуда.
- Өнеркәсіп өндірісі дамуына байланысты Атмосфераның **ластану** көрсеткіші мөлшерінің жоғарылығы жөнінен **Қазақстанда 7 қала тіркелген: бірінші орында РИДДЕР** (фенол, азот, күкірт көп). Одан соң Өскемен, Ақтөбе, Алматы (формальдегид көп).

- **Ауылдық елді мекендерде** көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар тұрады. Солтүстіктегі тәлімі егіншілікті, сүтті етті мал шаруашылықты және оңтүстіктегі суармалы егіншілікті аймақтарда ауылды елді мекендер ауқымды болып келеді.
- **Ауыл халқының ең көбі** Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында көптеп шоғырланған.

Қазақстан халқының тығыздығы және орналасуы:


- Қазақстан халқының бір шаршы шақырымға орташа тығыздығы 6 адам.
- Қазақстанда ең тығыз қоныстанған аудандарға Солтүстік Қазақстанның егіншілікті аудандарында, Шығыс Қазақстанның егіншілікті және өнеркәсіпті аудандары, ТҮРКСІБ теміржолы, Сырдария, Талас, АСЫ өзендері маңында тығыз орналасады.
- Халықтың **ең жоғарғы тығыздығы**: Оң.Қазақстан (22.3 адам), Алматы (19 адам), **ал төменгі тығыздық** Маңғыстау, Ақтөбе, (1км ге 2 адамнан) облыстарына сәйкес келеді.

Нашар және сирек қоныстанған аудандар

Шөлейт және шөлді аудандар. Атмосфералық жауын-шашын өте жеткіліксіз, шамамен 100—150 мм. Бұл аудан егіншілікке қолайсыз, тек суармалы жағдайда ғана пайдалануға болады, негізінде, жайылым ретінде қолданылады. Солтүстік бөліктерінде халықтың орташа тығыздығы 1-ден 10 адамға дейін (нашар қоныстанған), ал оңтүстік бөліктерінде бір адамнан да аз болып келеді (сирек қоныстанған).

Жиі қоныстанған аудандар

Егіншілікті және өнеркәсіпті, көлік магистралі дамыған аудандар. Атмосфералық жауын-шашын 300—400 мм, кейбір бөліктерінде 250—300 мм, ал тау етегінде 400 мм-ден астам. Бұл тәлімі егіншілікті аудандар, ал табиғат ресурстары өнеркәсіптің дамуына қолайлы болып келеді. Халықтың тығыздығы жоғары, бірақ аумақ бойынша айырмашылық жасайды (10—25, 25—50, 100—500 және одан да жоғары).



Қазақстан халқының тығыздығы картасы

Халықтың көші- қоны

• Ішкі көші – қон

- Қазақстан ішіндегі қоныс аударуы

- Оңтүст.Қазақстан ,Ш. Қазақстан,Маңғыстау және Алматы облыстарына қоныстанып, ал,С.Қ, Павлодар,Қостанай облыстарынан көшіп кетуде

Сыртқы көші – қон

Халықтың жақын және алыс шет елдерге қоныс аударуы

АҚШ пен Германияға көшу басым

Қазақстандағы халықтың негізгі сыртқы көші қоны ТМД елдері арасында жүреді.